

2014 жылғы 1 тоқсанға арналған кедейлік шегін анықтау туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 23 желтоқсандағы № 675-ө-м бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 30 желтоқсанда № 9041 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2014 жылғы 18 наурыздағы № 103-Ө бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 18.03.2014 № 103-Ө бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 сәуірдегі № 537 қаулысымен бекітілген Кедейлік шегін анықтау ережесінің 4-тармағына сәйкес атаулы әлеуметтік көмектің мөлшерін анықтау үшін Қазақстан Республикасының күнкөрісі темен азаматтарына әлеуметтік көмек көрсету өлшемдерін белгілеу
ма қ с а т ы н д а

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасы бойынша 2014 жылғы 1 тоқсанға арналған кедейлік шегі Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі өткен тоқсанға есептеген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 40 пайызы мөлшерінде анықталсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің «2013 жылғы 4 тоқсанға арналған кедейлік шегін анықтау туралы» 2013 жылғы 26 қыркүйектегі № 462-Ө-М бұйрығының (Нормативтік-құқықтық актілерді тіркеудің мемлекеттік тізілімінде № 8772 тіркелген және 2013 жылғы 9 қазандағы «Казахстанская правда» № 291 (27565), 2013 жылғы 12 қазандағы «Егемен Қазақстан» № 232 (28171) газеттерінде жарияланған) күші жойылған деп
т а н ы л с ы н .

3. Әлеуметтік көмек департаменті (А.О. Табергенова) осы бұйрықтың:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын;

2) облыстық, Астана және Алматы қалаларының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына жеткізуді қамтамасыз

е т с і н .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі С. Қ. Жақыповаға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және 2014 жылғы 1 қаңтардан, бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Министр

Т. Дүйсенова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК